

# МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІ

1. Қаржы ұғымы.
2. Мемлекеттік қаржы қызметінің ұғымы.
3. Қаржы жүйесінің ұғымы.
4. Мемлекеттік қаржы жүйесі және оның құрылымы.
5. Мемлекеттік қаржы қызметінің әдістері.

# Қолданылатын әдебиеттер:

- ❑ Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Общая часть. Алматы, Баспа,-2001.
- ❑ Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Особенная часть. — Алматы, Норма-К, - 2002.
- ❑ Худяков А.И. Основы теории финансового права. - Алматы, Жеті Жарғы, - 1995.
- ❑ Найманбаев С. М. Финансовое право. Общая и особенная части. –Алматы, Данекер, 2004
- ❑ ҚР Бюджет кодексі. 04.12. 2008
- ❑ ҚР салық және басқа да міндетті төлемдер туралы Кодексі. 10.12.2008
- ❑ «ҚР-да банк және банктік қызмет туралы» ҚР-ның Заңы. 31.08.1995
- ❑ «Ұлттық банк туралы» ҚР-ның Заңы. 30.03.1995
- ❑ «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР-ның Заңы. 18.12.2000
- ❑ «Валюталық реттеу және бақылау туралы» ҚР-ның Заңы. 13.06.05

# 1. ҚАРЖЫ ҰҒЫМЫ

Қаржы әрқашанда мемлекеттің өсіп-дамуымен тығыз байланысты және мемлекетпен бір уақытта пайда болды және ақша қозғалысымен байланысты. Сондықтан, қаржылар мемлекеттің атрибуты болып табылады және мемлекеттің материалдық тірегі (базасы) ретінде көрініс табады.

“Қаржылар” ақша түріндегі қоғамдық өнімді бөлуге байланысты экономикалық (ақшалай) қатынастардың ауқымын қамтиды және ақшалай сипатта болады, сондай-ақ экономикалық құндылық категориясына жатады.

“Қаржы” термині **латын сөзі finis** – істің аяқталуы, төлеу мерзімі, тартыстың аяқталуы дегенді білдіреді.

Германияда **finans** сөзі XVI-XVII ғғ. парақорлық, алдау мағынасын білдірген.

XIX ғасырдың соңында “қаржы” термині тек ақша құралдары ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің материалдық құндылықтарын да білдірген.

Қаржылар екі аспектіде қарастырылады:

**материалдық және экономикалық**

*Материалдық мағынадағы қаржылар мемлекеттің қаржы ресурстарын білдіреді, яғни мемлекеттің өз меншігіндегі қолма-қол және қолда жоқ ақша қаражаттары қорларының жиынтығын айтамыз.*

*Материалдық мағынада және “ақша” терминімен байланыстыра қарастыра отырып үш мағынасын көрсетуге болады.*

**Кең мағынада** “қаржылар” “ақша”  
түсінігінің синонимі ретінде  
қарастырылады.

**Тар мағынада** “қаржы” терминіне  
мемлекеттің және заңды тұлғалардың  
қаржылары кіреді.

**Арнайы мағынада** қаржылар деп тек  
мемлекеттің ақша құралдары  
айтылады, яғни ақша айналысында  
пайда болатын қатынастардың  
жиынтығын білдіреді.

## Экономикалық категория ретінде

қаржы мемлекеттің ақшалай ресурстарын жоспарлы түрде қалыптастыратын және бөлетін, сондай-ақ олардың пайдаланылуын ұйымдастыратын экономикалық қатынастардың жүйесі.

Қаржылар нақты мақсатты бағытқа, жалпы мемлекеттік мүдделерді, сонымен қатар жергілікті басқару саласында нақты міндеттерді шешуге бағытталған.

# Мемлекеттік қаржылардың негізгі қағидалары

- Заң шығару базасының біртұтастығы;
- Үнемділік және ұтымдылық;
- Ашықтық және жариялылық;
- Мақсаттылық және стратегиялық бағыттылық;
- Белгіленген мақсатқа жетудегі ғылыми көзқарас;
- Қаржыларды орталықтандырылған негізде басқару;
- Қаржылық өкілеттіліктерді бөлу.



Мемлекеттік қаржыларға **бөлу** және **бақылау** функциялары тән.

**Бөлу функциясы** арқылы жалпы мемлекеттік қажеттіліктер қанағаттандырылады, бюджеттердің және бюджеттік емес қорлардың балансталуды, экономиканың өндірістік емес салаларын қаржыландыру көздері қалыптасады.

**Бақылау** функциясы шаруашылық субъектілерінің қорлардан алған ақша қаражаттарын мақсатқа сай пайдаланулары кезіндегі әрекеттерінің дұрыс және заңды болуын қамтамасыз етуге бағытталған.

**Қаржы жүйесі деп,** мемлекеттің ақшалай қорларын қалыптастыру, бөлу, және пайдалануды ұйымдастыру барысында пайда болатын және әрқайсысы белгілі бір қаржылық-құқықтық институттардың материалдық көрінісі болып табылатын қаржылық-экономикалық институттардың жиынтығын айтамыз.

Мемлекеттің қаржы жүйесін **материалдық, экономикалық, ұйымдастырушылық** мағынада қарастыруға болады.

**Материалдық мағынада** – ақшалай қаржының (орталықтандырылған және орталықтан-н) жиынтығын құрайды.

*(Мысалы, қаржы ресурстарының орталықт. жалпы мемлекеттік қорлар; әкімшілік – аумақтық бірліктердің қалыптасқан ақша қорлары немесе бюджеттен тыс қорлар, мемлекеттік сақтандыру резервтік қоры, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің орталықтан-маған ақша қорлары).*

**Экономикалық мағынада** – мемлекеттің ақша құрамдарының нақты қорларының қаржылық экономикалық институттарының жиынтығын құрайды.

**Ұйымдастырушылық мағынада** – қоғамдық қаржы қатынастарының қозғалысын қамтамасыз ететін мемлекеттің қаржы мекемелерінің жиынтығын білдіреді.

Қаржы министрлігі және оның аумақтық бөлімшелері; салық органдары; ҰБ және оның аумақтық бөлімдері.

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ:

- ✓ РЕТТЕУ;
- ✓ ЖОСПАРЛАУ;
- ✓ ҰЙЫМДАСТЫРУ;
- ✓ ЫНТАЛАНДЫРУ;
- ✓ БАҚЫЛАУ.

## Мемлекеттің қаржы жүйесінің аясы:

- Мемлекеттік қаржылар (бюджеттік жүйе, бюджеттен тыс мақсатты қорлар);
- Мемлекеттік сақтандыру қорлар-ң қаржы;
- Мемлекеттік банктердің қаржылары;
- Мем.ұйымдар мен мем.мекемелердің қаржы;
- Корпоративті қаржылар (жеке қаржылар);
- Коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар мен кәсіпорындардың қаржылары;
- Сақтандыру ұйымдарының қаржылары;
- Банктердің қаржылары;
- Мемлекеттік емес арнайы қорлар-ң қаржы;
- Тұрғылықты халықтың қаржылары.

## **Мемлекеттің қаржылық қызметі –**

**мемлекеттің ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыруға бағытталған қаржы, несие, салық және басқа уәкілетті мемлекеттік органдардың жоспарлы, мақсатты қызметі.**

**Мемлекеттік қаржы қызметі әлеуметтік басқару механизмінің қажетті, маңызды құрамды бөлігі ретінде қатысады.**

## Қаржы қызметінің мазмұны әртүрлі бағыттардағы функциялармен сипатталады:

- мемлекеттің ақша қорларын қалыптастыру, мемлекеттік қаржы ресурстарын бөлу, пайдалануды ұйымдастыру және оларға қаржылық бақылау жүргізу;
- елдегі ақша инфрақұрылымдарын қалыптастыру және дұрыс әрекет етуін қамтамасыз ету;
- ақша және бағалы қағаздар эмиссиясы;
- мемлекеттің қаржылық, несиелік және салық органдарын қалыптастыру;
- мемлекеттің қаржылық қызметі саласында мемлекеттік органдардың қаржылық құзыреттілігін анықтау;



- ❑ қаржы заңдылықтарын бұзғаны үшін заңды жауаптылық белгілеу;
- ❑ Мемлекеттік қаржыларды қалпына келтіру;
- ❑ Банк және қаржы жүйесінің қызметтерін қалпына келтіру;
- ❑ әкімшілік-аумақтық бірліктердің қаржылық-экономикалық дербестігін және жауапкершілігін көтеру;
- ❑ Мемлекеттің алтын валюталық қорларын арттыру және капиталдың шетелге кетуін азайту;
- ❑ Инвестициялық бағдарламаларды, қаржы ағымын басқару саласында мемлекеттік реттеуді күшейту;
- ❑ Шетел валютасына шаққанда теңгенің бағамын жоғарлату т.б.

# Қаржы қызметті жүзеге асыру барысында мемлекет мынадай үш негізгі міндеттерді шешеді:

- 1) Елдегі ақша инфрақұрылымын қалыптастыру және дұрыс әрекет етуін қамтамасыз ету;
- 2) Өз қызметтерінің жүзеге асуын және өзін-өзі қамтамасыз ету үшін ақша құралдарын табу;
- 3) Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық процестерге ақшаның көмегімен әсер ету.

# Қаржылық қызметтің әдістері:

Ақша қорларын қалыптастыру;

Ақша қорларын бөлу;

Ақша қорларын пайдалануды ұйымдастыру.

Ақша қорларын қалыптастыру әдістеріне жатады:

1. А.қ. иелерінен еріксіз және қайырымсыз түрде алу;
2. Еріксіз бірақ қайтарылатын түрде алу;
3. Ерікті бірақ қайтарымсыз түрде жұмылдыру;
4. Ерікті бірақ қайтарылатын түрде жұмылдыру;
5. Мемлекеттік қызмет көрсету негізінде ақша құралдарын тарту;
6. Мемлекеттік мүлікті пайдаланудан түсетін ақша құралдарын мемлекет кірісіне айналдыру;
7. Эмиссия, айналымға жаңадан ақша н/е бағалы қ. шығару.

# Ақша қорларын бөлудің негізгі әдістері:

1) қаржыландыру, қордан ақша қаражатын мерзімсіз, ақысыз негізде, біржолата беру.

**Дотация** – өз қаражаттары жеткіліксіз болған жағдайда көмек ретінде орынын толтыру мақсатында беріледі.

**Субвенция** – белгілі мақсатты жүзеге асыру үшін бюджеттен төмен тұрған бюджетке ақша құралдарының бөлінуі.

**Субсидия** – мем.ақша қорынан заңды және жеке тұлғаларға ақша құралдарының бөлінуі.

2) Несиелеу, яғни белгілі бір қордан ақша қаражаттарын қайтарып алу шартымен, ақылы түрде пайдалануға беру.

3) Мемлекеттің өзінің қаржылық міндеттемелерін орындауы (мемлекеттің ішкі және сыртқы қарыздарын өтеуі).

## Ақша қорларын пайдалануды ұйымдастыру әдістері:

- ❑ Ақша қорларының мақсатын анықтау;
- ❑ Қаражаттардың пайдалану тәртібін белгілеу;
- ❑ Қаражаттардың қаржылық нормативтері мен шектерін белгілеу;
- ❑ Мем.кәсіпорындардың кірістерін бөлу нормативтері мен тәртібін белгілеу;
- ❑ Қаражаттарды пайдалануды жоспарлауды жүзеге асыру;
- ❑ ақша қорларының пайдаланылуына бақылау жүргізу.